Бекітемін
“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке
балабақша меңгерушісі:
А.С.Зиеденова

2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен Әдістемелік нұсқау хат талаптарын басшылыққа ала отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру; педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік шеберлігін заманауи ойын технологиялары, практикалық семинарлар мен шеберлік сыныптары арқылы арттыру.

Әдістемелік кеңестің міндеттері:

-Нормативтік-құқықтық қолдау;
-Кәсіби шеберлікті шыңдау;
-Іс-тәжірибені тарату;
-Тақырыптық бақылау мен талдау;
-Білім беру ортасын дамыту.

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.2026–2027 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру. 2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы 3. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке.	Дөңгелек үстел, пікір талас	Қыркүйек	Әдіскер
2	«Ойындар әлеміне саяхат» Тақырыптық бақылау. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой–өрісін дамыту ойындары» қорытындысы	Іс тәжірибелік семинар	Ақпан	Әдіскер
3	«Ойын–тәрбие мен білім құралы» Тақырыптық бақылау. Ойын–сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі	Шеберлік сынып	Сәуір	Әдіскер

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: «Тәрбиенің бастауы–әділдік пен парасаттылық»
Өткізілген күні: «04» қыркүйек 2026 ж.
Өткізілген орны: “ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке балабақша
Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1.2026–2027 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы
3. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке.

1. Тыңдалды:

1. А.С.Зиеденова сөз сөйледі. Ол дөңгелек үстел форматында өткен отырысты аша отырып, ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде биылғы оқу жылында тәрбиелеу–білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Оның ішінде: баланың еркін ойын әрекетіне уақыт бөлу, қатаң ұйымдастырылған оқу қызметі кестесінен икемді циклограммаға көшу, балалардың жас ерекшеліктеріне сай даму карталарын толтыру мәселелерін қозғады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басты міндеті-баланы мектепке тек білім жағынан ғана емес, психологиялық, әлеуметтік-эмоционалдық тұрғыдан даярлау, олардың бойында өмірлік маңызды дағдыларды

2. **Әдіскер А.С.Зиеденова:** Әдістемелік кеңесте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыру барысы қаралды.

Педагогтерге балалардың бойына ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Бағдарлама бағыттарын тәрбие-білім беру процесіне кіріктіру, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, ойындарда, әңгімелесулерде, мерекелік және тәрбиелік шараларда тиімді пайдалану қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылды.

Сөйледі тәрбиеші А.Б.Уразбаева:

Педагогтер бағдарлама аясында өткізілген іс–шаралар туралы айтып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

3. **Әдіскер А.С.Зиеденова:** «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңкенің өткізілу барысы мен қорытындысы қаралды.

Жәрмеңкенің негізгі мақсаты–мектеп жасына дейінгі балаларға әртүрлі мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру, еңбекке деген қызығушылығын арттыру, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу және болашақ мамандықтар әлемімен таныстыру.

Іс–шара барысында балаларға әртүрлі мамандықтар таныстырылып, мамандық иелерінің еңбегі туралы түсініктер берілді. Педагогтер балалардың жас ерекшеліктеріне сай көрнекіліктер, ойындар, шығармашылық жұмыстар және танымдық тапсырмалар ұйымдастырды.

Жәрмеңкеге педагогтер мен ата-аналар белсенді қатысып, балалардың қызығушылығын арттыруға өз үлестерін қосты.

Сөйледі тәрбиеші А.А.Жалиман:

Педагогтер жәрмеңкенің тәрбиелік және танымдық маңызына тоқталып, осындай іс–шараларды алдағы уақытта да жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Шешім:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың талаптары мен ерекшеліктері басшылыққа алынып, тәрбиелеу–білім беру процесінде қатаң сақталсын.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бөбекжайдың тәрбие–білім беру процесінде жүйелі түрде жүзеге асыру.
3. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын. Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру жұмыстарын тәрбие-білім беру процесінде жалғастыру.

Төрайым: А.С.Зиеденоваға

Хатшы: А.Саттарова